

КЕЛІСІЛДІ»



**«Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы»
Атырау музыка колледжі студенттерінің ішкі тәртіп
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Бұл Ережелер Қазақстан Республикасының “Білім туралы” Заңы мен «Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы» Атырау музыка колледжінің (ары қарай Колледж) ішкі тәртіп ережелерін анықтайтын Жарғы негізінде жасалған. Сонымен қатар Ережелер студенттердің, колледж әкімшілігінің негізгі міндеттері мен құқықтарын белгілейді. Колледждің ішкі тәртіп Ережелерін студенттер орындауға міндетті.

1. Жалпы жағдайлар

- 1.1. Бұл «Дина Нұрпейісова атындағы халықтық музыка Академиясы» Атырау музыка колледжі студенттерінің ішкі тәртібін айқындайтын жергілікті нормативті негізгі құжат болып табылады.
- 1.2. Студенттер білімді меңгеруге, білім жоспары мен оқу бағдарламаларында көрсетілген түрлі тапсырмаларды белгіленген уақытта орындауға міндетті.
- 1.3. Колледж әкімшілігі оқу пәндерінде жоғары деңгейдегі жұмыс нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ұйымдастырушылық және экономикалық жағдайларды жасайды. Сонымен қатар, оқу міндеттерін орындау барысында түсіндіру әдістері, тәрбиелеу, оқуда жеткізген жетістіктері үшін мадақтау сияқты әдістерді қолданады. Тәртіп бұзушыларға қарсы тәртіпке шақыру шаралары жүзеге асады.
- 1.4. Ішкі күн тәртібін орындауға байланысты мәселелерді Колледж әкімшілігі өзінің құзырет аясында шешеді. Ал Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңнамасы мен Ішкі күн тәртібінің Ережелерінде қарастырылған жағдайлар педагогикалық Кеңесте келісіп барып қабылдайды.
- 1.5. Колледждің ішкі тәртіп Ережелерін, оларға жасалатын толықтырулар мен өзгертулерді Педагогикалық кеңесте қабылдайды, Ережелер директор қол қойғаннан кейін күшіне енеді.
- 1.6. Колледждің барлық қызметкерлері мен білім алушылары Ережелерді орындауға міндетті.
- 1.7. Студенттердің ішкі тәртіп ережелері Колледж бен жатақхананың хабарландыру тақталарына ілінеді.

2. Студенттердің негізгі құқықтары мен міндеттері

2.1 Студенттер құқылы:

- қазіргі заманғы ғылым, техника және мәдениет деңгейін дамытуға және мемлекеттік жалпыға білім беру стандартымен сәйкес сапалы білім алуға;
- колледждің ақпараттық қорларын, спорт залын, кітапхананы тегін қолдануға;
- өз ойы мен сенімін еркін айтуға, өзінің адами қадір-қасиетін сыйлауға;

- оқуда, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін мадақтау мен алғыс алуға.
- медициналық көрсеткіш және өзге де ерекше жағдайлар бойынша (оқу орнымыздың, мамандықтардың ерекшелігіне сәйкес, жүктілігіне байланысты) академиялық демалысқа шығуға;
- колледж жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар беруге;
- тегін білім алатын студенттерге мемлекеттік шәкіртақы төленеді. Мемлекеттік шәкіртақы тағайындау ережесі және төлемдер, сонымен қатар оның көлемі Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітіледі.
- мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес алыс аудандардан келіп оқуға қабылданған студенттер, белгіленген тәртіпте жатақханамен қамтамасыз етіледі

2.2. Студенттер міндетті :

- Қазақстан Республикасының лайықты азаматы болуға, Мемлекеттің Негізгі Заңын білуге және сақтауға, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік нышандарын және ұлттық салт-дәстүрлерді сыйлауға;
- білімді меңгеруге, оқу жоспары және ҚР жалпыға ортақ мемлекеттік білім білім беру стандартында қарастырылған барлық тапсырма түрлерін белгіленген уақытта орындау, колледж Жарғысын, Ішкі тәртіп ережесін сақтауға;
- колледждің студенті деген атты мақтан тұтуға;
- студенттік жатақханада тұру ережелерін сақтауға;
- колледждің барлық оқу түріндегі студенттері білім алуға, тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген уақытта орындауға, емтихандар мен сынақтарды дәл оқу жоспары мен білім беру бағдарламаларында көрсетілген уақытта (емтихандық сессия) тапсыруға;
- колледж директоры бекіткен еңбекті сақтау, техникалық қауіпсіздікті, өндірістік тазалық пен еңбек гигиенасын бақылау, өртке қарсы қауіпсіздік талаптарын сақтауға байланысты ережелер мен нұсқауларды орындауға;
- апатты жағдайлар мен төтенше оқиғалар жөнінде әкімшіліктің арнайы бөлімшелеріне шұғыл хабар беру және оларды болдырмау үшін қажетті шаралар қабылдауға;
- өздерінің оқу құралдарына нұқсан келтірмеуге (музыкалық аспаптарды, техникалық оқу құралдарын), оқу орнында тазалық сақтауға, материалдық құндылықтар мен құжаттарды сақтаудың белгілі ережелерін орындауға, белгіленген тәртіпте келтірілген шығынды қайтаруға;
- колледждің мүлкіне ұқыпты қарап, оны бүлдірмеуге, техникалық заттар мен қондырғыларды қажетті мақсатта қолдануға, студенттерге берілетін музыкалық аспаптар, концерттік костюмдер және өзге де заттарды сақтауға, электр қуаты, жылу, су мен өзге де пайдалы қорларды үнемдеуге;
- колледждің ғимараты мен жатақханада өзін сыпайы ұстауға, өзге студенттердің міндеттерін орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге бармауға, жалпыға ортақ адамгершілік, этикалық талаптарға сай әрекет етуге, колледждің іскерлік абыройына нұқсан келтірмеуге;
- колледж ғимараты мен алаңында тазалық сақтауға, “сенбіліктерге” жүйелі түрде қатысып тұруға;

- студенттер тәртіпті, ұқыпты болуы керек, өздерін колледж қабырғасында, далада, қоғамдық орындарда қадір қасиетін жоғалтпайтындай етіп ұстауға;
- колледждің қоғамдық өміріне қатысу, колледж басқарушылары мен оқытушыларының нұсқауларына бағыну, студенттер мен қызметкерлердің абыройы мен қадір-қасиетін, колледждің дәстүрін сыйлауға;
- мәдени және кәсіби деңгейлерін көтеруге;
- дәлелді себептер бойынша сабаққа келмеу немесе кешігу кезінде, студент бұл туралы бөлім меңгерушісі мен топ жетекшісіне ескертуге міндетті. Науқастанған жағдайда студент белгіленген үлгідегі
- дәрігердің немесе емдеу бөлімінің анықтамасын топ жетекшісіне әкелуге;
- колледждің оқытушыларына, қызметкерлеріне және басқа да білім алушыларына қатысты амандасып, сыпайы және сыйлы болуға;
- оқу орнының мәртебесін, адамгершілік нормалары мен этика нормасын оқу орнында да, оның шетінде де сақтау;
- оқу орнында ережеге сай киініп жүруге;
- ішімдік сусындарын, есірткі және уландырғыш заттарды қолданбауға;
- колледжге, аудиторияға оқытушылар, жетекшілер немесе меймандар кірген кезде студенттер орнынан тұрып сәлемдесуі керек.
- сыныптан тыс іс-шаралар, емтихандар және сынақтар өткізуде, оқу сабақтары кезінде плеерлер, ұялы телефондарды сөндіру, тәртіпті бұзбау.
- колледжде болған уақытында әр білім алушы өз киімі және жеке мүлкі үшін жауапкершілікті өзіне алады./ақша, ұялы телефон жоғалту т.б/
- студенттік билеті мен сынақ кітапшасын жоғалтқан жағдайда студент өз есебінен орнына келтіреді.
- оқу ғимаратындағы тазалық пен тәртіпті сақтау үшін оқытушылар кезекшілігі құрылады, студенттердің 15 қыркүйектен 15 сәуірге дейін екінші аяқ киімі болуы керек, студенттер кезекші оқытушының барлық талаптарын орындаулары керек (орындамағаны үшін – тәртіптік жазалау қолданылады).
- арнайы тармақтарды бұзғаны үшін, Қазақстан Республикасы Азаматтық Заңдылықтары негізінде әрбір тәртіп бұзушы дербес жауап береді.

2.3. Колледж ғимараты және алаңында қатаң тыйым салынады:

- дауыс көтеріп сөйлеуге, шулау, балағат сөздерді қолдануға, сабақ кезінде дәлізде бос жүруге, музыкалық аспаптарды орынсыз қолдануға;
- біреуді қорқытып- үркітуге, дөрекі сөйлесіп, ар-намысын аяққа таптауға, ұрлық жасауға, Колледждің және оның қабырғасында білім алушы немесе оқытушылардың жеке мүліктеріне қасақана зияндық тигізуге, бұзақылық жат әдет-қылыққа жол беруге (дөрекі қылық, айқайлау, түкіру);
- колледж ғимараты мен территориясында шылым шегуге, түкіруге, спирттік ішімдіктер және токсикалық және есірткі заттарды қолдануға, құмарлық ойындар ойнауға (карта ойнау т.б), қоқыстауға және басқа да құқыққа қарсы нәрселер жасауға қатаң тыйым салынады. Ондай іс-әрекеттер болған жағдайда тәртіп бұзушыға тәртіптілік шаралары қолданылады
- студенттерге әкімшіліктің рұқсатынсыз түрлі құрал жабдықтарды және өзге де мүліктерді алып шығуға;
- колледж әкімшілігінің рұқсатынсыз колледж аумағынан тыс жерге кетуге тыйым салынады

- колледжде және жатақханада діни киімдер киюге және сиынатын бөлмелер мен діни қатынастар жасауға тиым салынады.

2.4.Киім үлгісі

- студент демократиялық, алдыңғы қатарлы құқықтық және әлеуметтік мемлекет – ҚР Азаматының қазіргі заманғы жастарының келбетіне сәйкес болып және соған сай киінуі қажет.

Ер балалар үшін - ақ көйлек, классикалық үлгіде қара шалбар

Қыз балалар үшін - ақ кофта, қара белдемше

- джинсы, спорттық үлгідегі киімдерге тиым салынады

- колледжге діни сипаттағы киіммен келуге /қысқа балақ шалбар, ұзын белдемше, орамал тартпау/ тиым салынады

- студенттер күнделікті жеке басы тазалықтарын сақтап жүруге міндетті /сақал қою, денеге татуировка салуға қатаң тиым салынады/

3. Әкімшіліктің негізгі міндеттері

Колледж әкімшілігі білім беруге қажетті жағдайларды қамтамасыз ету үшін:

- Ғылыми-педагогикалық, әкімшілік-шаруашылық, оқуға көмекші және өзге де құрам-ның қалыпты жағдайда жұмыс жасауына мүмкіндік туғызады.

- Білім беру процесінің денсаулыққа зиян келтірмейтін жағдайларын қамтамасыз етіп, қолданыстағы құралдардың дұрыс жұмыс жасауын бақылайды.

- Колледждің қаржылық мүмкіндігіне қарай білім беру процесінің техникалық жақтан қамтамасыз етілуіне және оқуға қажетті құралдар мен дәрісханалардың арнайы қондыр-ғылармен жасақталуын қамтамасыз етеді.

- Білім беру процесін әдістемелік жақтан қажетті қамтамасыз етілуі үшін қажетті шара-лар қолданады.

- Студенттің сабаққа мас күйінде, алкогольды, есірткі, токсикалық заттардың әсерінде қатысуына жол бермейді.

- медициналық көрсеткіш және өзге де ерекше жағдайлар бойынша (студенттің жүктілігіне байланысты оқу орнының мамандықтардың ерекшелігіне және сахна мәдениетіне сәйкес) академиялық демалысқа шығаруға;

- Өндірістік жарақаттанудың алдын алу шараларын қабылдайды, студенттердің техникалық қауіпсіздік, өндірістік тазалық пен еңбек гигиенасының ережелері мен өртке қарсы қауіпсіздік ережелерінің барлығын біліп, олардың орындауын жіті қадағалап отырады.

- Оқу бөлмелерін ұстауға қажетті жылыту жүйелерінің, жарық, желдеткіш, түрлі қондырғылардың дұрыс жұмыс істеп тұруына мүмкіндік жасайды, студенттердің сырт киімдерінің сақталуын бақылайды.

- Студенттерге шәкіртақының уақтылы берілуін қамтамасыз етеді.

- Колледждің қызметін жақсарту, оқу орны мен оның бөлімшелерінің беделін көтеруге байланысты студенттердің ұсыныстарын қарастырады.

- Білім беру мекемесін құрал-жабдықтармен, мүліктер мен жиһаздармен қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, оқу және тұрмыстық ғимараттарда қажетті тәртіптің сақталуын, ғимаратты, ондағы мүліктердің күзет аумағында болуын қамтамасыз етеді. Өз кезегінде білім ордасының директоры жауапты қызметкерлерге ғимараттар мен ондағы мүліктердің өртке қарсы қауіпсіздік және санитарлық жағдаларының сақталуын жүктеп, бұйрық шығарады.

- Колледждің дәрісханаларын жабдықтандырады (бүтін жиһаз-мүлік, оқу құралдары, қалыпты ауа температурасы, жарықтандыру және өзге де), музыкалық

инструменттердің жұмыс қалпында болуы, көрнекі құралдардың пайдалануға дайын болуын қамтамасыз етеді.

4. Оқу тәртібі, оқу уақыты мен оны пайдалану

- Оқу жылы қыркүйектің 1-нен басталып, екі семестрден тұрады да білім беру-кәсіптік бағдарламасында көрсетілген оқу жоспарына сәйкес аяқталады.
- Колледждегі оқу процесі оқу жоспарлары мен сабақ кестелеріне сәйкес аптасына 6 күн (дүйсенбіден сенбіге дейін) жүреді. Жексенбі мен мейрам күндерінде сабақтар Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес ерекше жағдайларда ғана жүреді.
- Колледжде оқу қызметінің төмендегідей негізгі түрлері белгіленген:
 - *сабақтар*: лекциялар, тәжірибелік сабақтар, семинарлар, лабораторлық дәрістер;
 - *бақылау түрлері*: академиялық концерт, техникалық сынақ, өзбетімен жұмыс, бақылау, тест, бақылау сабақ, сынақ, емтихан, кәсіптік бітіру жұмысын қорғау (концертте ойын көрсету), мемлекеттік емтихан;
 - *оқу жұмыстарының басқа да түрлері*: өзбетімен бақылайтын жұмыс, кеңес беру, тәжірибе, курстық жұмыс, диплом жұмысы, кәсіптік жұмыс.
- Сабақ кестелерін директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары бекітеді.
- Сабақ басталғаннан кейін дәрісханалардың барлығы мен олардың маңындағы жерлерде тыныштық пен тәртіп қатаң сақталынуы тиіс. Сабақ кезінде аудиториядан кіріп –шығып оқу барысына кедергі келтіруге болмайды.
- Әрбір топтағы үлгерімі жақсы, үлгілі студенттердің арасынан староста тағайындалады. Топ старостасы тікелей курс кураторына бағынады, оның бұйрықтары мен нұсқауларын Колледж Жарғысы аясында орындайды.
- Білім алушылардың сабақтан тыс дайындалу уақыты 19⁰⁰-21⁰⁰ аралығы және демалыс күні 9⁰⁰ – 19⁰⁰ аралығы

4.1. Сабақ уақытындағы студент тәртібі

- студент сабақ басталуына 15-20 минут ерте келіп, екінші аяқ киім ауыстырып, киім ілетін орынға /гардероб/ сыртқы киімін тапсырып, сабағына дайындалуы қажет.
- оқытушы дәрісханаға кіргенде студенттер амандасу үшін орындарынан тұрады, оқытушы отыруға рұқсат берген кезде ғана студенттер орындарына отырады.
- сабақ кезінде шулауға, өзгелерге әңгіме айтып алаңдатуға болмайды.
- егер студент қажетті жағдайлармен дәрісханадан шыққысы келсе, оқытушыдан рұқсат сұрауы керек.
- егер студент оқытушыға сұрақ қою немесе жауап бергісі келсе, қолын көтеруі керек.
- Оқытушы сабақтың аяқталғанын хабарлағаннан кейін, дәрісханадан шығуға рұқсат етіледі.
- егер студент белгілі жағдайлармен сабақтан кешігіп қалса, есікті соғып, оқытушыдан кіруге рұқсат сұрап, сабаққа кедергі келтірмей бос орынға жайғасады.

5. Студенттерді мадақтау

Білім беру бағдарламаларын меңгерудегі ерекше жетістіктері үшін, оқу орнының өміріне, қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық іс-шараларға белсене қатысқаны үшін оқушыларға мадақтау түрлері белгіленеді:

- алғыс, мақтау қағазымен марапаттау,
- мадақтау колледж директорының бұйрығымен жарияланады

6. Оқу тәртібін бұзу болып табылады:

- сабаққа кешігу;

- дәлелді себепсіз сабақтар жіберу;
- рұқсат етілмеген жерлерде темекі шегу;
- мас, есірткі және уландырғыш мастық күйінде колледжге келуге;
- колледжге есірткі, уландырғыш немесе ішімдік заттарымен келуге;
- оқытушылар, қызметкерлер мен студенттердің жеке мүлкіне және оқу орнының мүлкіне зақым келтіру;
- балағаттау, аморальды және қорлау ым-ишараты;
- оқу және оқудан тыс жұмыс нормалары мен тәртіптеріне төзімсіздік;
- колледж жайларында және іргелес жерлерде тазалық пен санитарлық нормаларды сақтамау

7. Оқу тәртібін орындамағаны үшін шара қолданылады:

Оқу жоспарын орындамағаны, Колледж Жарғысында, ішкі тәртіп Ережелерінде, жатақханада тұру Ережелерінде, студенттің ар-намыс Кодексінде көрсетілген міндеттерді орындамағаны үшін студенттерге жауапкершілікке тарту, тіпті колледжден де шығарылуға дейінгі қатаң шаралар қолданылады.

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс беру;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) жатақханадан шығару;
- 5) колледжден шығару;

Жауапкершілікке тарту колледж директоры бұйрыққа қол қойғаннан кейін жүзеге асырылады.

- Колледж Жарғысын, жатақханада тұру Ережелерін бұзған студентті жазалау үшін алдын ала колледж әкімшілігімен келісіледі.
- Ішкі тәртіп Ережелерінде (Жатақханада тұру Ережелерін бұзғаны, жалпыға ортақ тәртіп нормаларын орындамағаны үшін, кітапхана кітаптары мен музыкалық аспаптарды және колледждің оқу құралдарын бүлдіргені үшін) белгіленген міндеттерді орындамаған студенттерді колледжден шығару жөніндегі ұсыныстар педагогикалық Кеңесте қаралады.
- Колледж студентін жауапкершілікке тарту, оның ішінде оқудан шығару одан жазба түрде түсініктеме алынғаннан кейін жүзеге асырылады. Егер ол түсініктеме беруден бас тартса, бұл жайт қажетті құжатта көрсетіліп, расталуы тиіс.
- Колледжде білім алушылар “ҚР Білім туралы” Заңына сәйкес, Колледж Жарғысы анықтаған Заңға қайшы әрекеттерге барған жағдайда колледжден шығарылады: Сонымен қатар, студенттің оқудан шығарылуына негіз болатын жайттар төмендегідей:
- академиялық үлгерімі төмен (сессия кезінде алған нашар бағалардың саны үш немесе одан да көп болса, белгіленген уақытта академиялық қарыздарды өтемесе);
- Есірткі заттарын медициналық қажеттіліксіз қолданған жағдайда;

8. Техникалық қауіпсіздік Ережелері

- Колледж студенттеріне сабақ кезінде және қоңырау кезінде электр желілері мен құрылғыларын ұстауға қатаң тиым салынады
- Колледж студенттеріне өзімен бірге кесуге арналған және үшкір заттарды алып жүруге, пайдалануға болмайды /пышақ, біз т.б./
- Колледж студенттеріне тез тұтанғыш заттарды алып жүруге, пайдалануға тиым салынады /сіріңке, оттық т.б./

- Колледж студенттеріне өзімен бірге есірткі заттарын, спирттік ішімдіктерді алып жүруге және пайдалануға және адам денсаулығына зиянды заттар, химиялық, улы заттарды әкелуге қатаң тиым салынады
- Қауіпсіздік ережелерін сақтамаған жағдайда жауапкершілік студенттердің өздеріне жүктеледі.

9. Ата-Ананың міндеттері

- Балаларының жақсы өмір сүруі мен білім алуына қолайлы жағдай жасауға;
 - Олардың денсаулығы мен қауіпсіздігін сақтауға, рухани және дене мүмкіндіктерін дамытуға;
 - Адамгершілік пен салауаттылықтың берік негіздерін қалыптастыруға;
 - Оқытушылар және курс жетекшісімен тығыз байланыста болуға, өз баласының сабағына қатынасуға;
 - Өз баласының сабаққа қатысын қамтамасыз етуге, оқу үлгерімін, бос уақытын дұрыс пайдалануын қадағалауға;
 - Өз балаларының тәртібі үшін моральді және материалдық жауапкершілік алуға;
 - Өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне, оқу орны мен ұйым кеңесінің алдында жауап беруге;
 - Студенттің тәрбиесі мен білім алуына ең алдымен ата-анасы, одан кейін ҚР Заңына сәйкес оқу орны жауапты;
 - Ата-ана мен студент өз міндеттерін орындамаған жағдайда студентке оқудан шығаруға дейін шара қолданады.